

**«№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның
кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының**

Өткізілу күні: 02.03.2026жыл

Кеңес төрағасы: -Г.Ж.Барикова балабақша басшысы

Хатшы: А.М.Маханбет-тәрбиеші

Қатысушылар: 11 адам (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.«№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасында мемлекеттік аттестациялау бойынша өзін - өзі бағалау жұмыстарын жүргізу туралы.

Г.Ж.Барикова- балабақша басшысы

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Г.Ж Барикова бөбекжай- балабақша басшысы

Ақтөбе облысының білім сапасын қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылғы 03 ақпан айындағы хат бойынша «№1 «Күншуақ» балабақшасы мемлекеттік аттестациядан өтетін тізімге енгізілді. Білім беру ұйымдары 5 жылда бір рет мемлекеттік аттестациядан өткізіліп отырады.

Балабақша қызметін өзін-өзі бағалау жұмыстары мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары мен ағымдағы 2025-2026 оқу жылының қыркүйек-желтоқсан айлары қамтылады.

Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру туралы 2026 жылғы 02 наурыз айы № 11 - н/қ бұйрығымен, ұйымның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамымен таныстырды:

- **Барикова Г.Ж-** (балабақша меңгеруші): комиссия төрайымы.
- **Асанова Л.М** – (балабақша әдіскері) : комиссия мүшесі.
- **Орынбаева Э.Т-**(кәсіподақ төрайымы):комиссия мүшесі .
- **Жантөрина М.Д** – (педагог-психолог): комиссия мүшесі.
- **Манаубаева Б.Ж** (медбике) : комиссия мүшесі.

Комиссия білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына және білім беру ұйымын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» нормативтік құжаттар негізінде, балабақша қызметін өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізуіміз қажет.

2.Асанова Л.М әдіскер

Аттестациядан өтуге байланысты балабақша қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттарымен өлшемшарттарын таныстырып, жеке-жеке атап өтті:

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жастоптарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойыншат талаптарды сақтау.

Сонымен бірге өзін-өзі бағалау кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының орындалуы және жүзеге асыруда жіберілген кемшіліктерді анықтау, дер кезінде жою жұмыстары туралы айтты.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» талаптарын сақтауға байланысты қосымшалар-2,3,4,5 толтырылуын түсіндірді.

Өзін-өзі бағалау жүргізудің қорытынды анықтамасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы» әдістемелік ұсынымның қосымшасы бойынша жасалатынын атап айтты.

Жоғарыда құрылған комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша келесідегідей есептерді дайындасын:

Асанов Л.М балабақша әдіскері – мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес оқу-әдістемелік жұмыс, МЖМС-мен толықтай жұмыс бағыттарын орындау, жұмыстық оқу жоспарларын талдау;

Жантөрина М.Д балабақша педагог-психологі – педагог кадрлар жөнінде мәліметті, сапалық құрамын, топтардың перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын талдау;

Орынбаева.Э.Т балабақша тәрбиешісі – тәрбиеленушілер контингентін, жас топтарын қалыптастыру кезіндегі талаптардың сақталуын, тәрбиеленушілер мониторингін талдау;

Төлеуова Г.С балабақша шаруашылық меңгерушісі мен Асанова Л.М балабақша әдіскері – оқу-материалдық активтер, пәндік-кеңістік орта жұмысын талдау, жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат жинау.


Балабақша педагогтарының перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын ПДФ-тапскан вариантын жасап тапсыратындығы түсіндірілді.

Педагогикалық кеңес **шешім етті:**

ШЕШІМ:

1. 2026 жылдың 02-13 наурыз аралығында МКҚК «№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілсін.
2. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамы құрылсын.
3. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізуде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа алынсын.

Кеңес төрағасы:  **Г.Ж.Барикова**

Хатшы:  **А.М.Маханбет**

Комиссия мүшелері:

Барикова Г.Ж
Асанова Л.М
Орынбаева Э.Т
Жантөрина М.Д
Манаубаева Б.Ж

